

Филиппин сапары жолжазбалары

Хилер хикметі

көрген адамды-айран асыр етеді

Жақында «Президент және Халық» газетінен журналист Марат Тоқашбаевтың «Әмірліктердің күнгейі мен көлеңкесі» деген тақырыпта жазған жолжазба материалын оқыдым. Үлкен ұлым жұмыс бабымен Дубайда болып тұрады, бірақ оның баяндағанынан, басқа да ақпарат көздерінен оқыған дүниелерден гөрі осы мақала маған қатты ұнады да, ой салып та кетті. Біраз жылдар бұрын жұбайым Ермекпен бірге Филиппиннің Себу деген аралында болғанмын. Хилер деген емшілеріне операция жасатқызғанмын. Енді сол сапардан есімде қалғандарымен бөлісейін.

Әрине, сапарлардан жазылатын танымдық материалдар оқырман қызығушылығын тудыратыны сөзсіз. Сәті болып, екі жұмадай Тынық мұхитының суына шомылып, мұхиттың тасуы мен қайтуын бірінші рет көргенмін. Бір қызығы, түнге қарай мұхиттың суы жағадан бірнеше жүздеген метрге кетіп қалып, таңда қайтадан орнында тұрады. Бунгалода тұрдық. Хилер деген емшілері көзіңді бақырайтып қойып керек жеріңе саусағын тығып жіберіп арам етті суырып алады, қаны шашырап, сорғалап жатады. Сенбеске амалың жоқ. Бейнетаспаға түсіріп алдым.

Хилер жайында жазғандағы ойым, филиппин еліндегі көргендерімді, хилер деген емшілерінің ерекшеліктерін айтпақ болғанмын. Мына сырқатпен ауыра бастағаннан кейін емделу тәсілдері жөнінде іздене бастадым. Дәстүрлі медицинадан басқа халықтық емшілер жайын да зерделей бастадым. Айналадағы бақсылар, емшілер дегендердің барлығына дерлік бардым, қаралдым. Бұндайларға сау кезімде сенбейтінмін, бірақ «басқа түссе баспақшыл» дегендей шыбын жаныма бір септігі тиер деген үміт қой мені өзім сенбейтін нәрселерге басымды идірген.

Осыдан біраз жыл бұрын сол дертіме дауа іздеп жүргенімде бір басылымнан хилерлерге емделуге алып баратын бір турфирманың жарнамасы көзіме түсті. Хабарласып анық-қанығын білгендей болдым. «Ұрыста тұрыс жоқ» демекші, тәуекелге бел буып тартып кеттік. Алматыдан Бейжіңге алты сағаттай ұштық, келесі күні Филиппин астанасы Манилаға үш сағаттай ұштық, содан Себу деген аралға (Филиппин елі Тынық мұхиттағы көп аралдардан тұратын тропикалық ел) бір жарым сағат ұштық. Біз Ақтаудан қыс кезінде шыққанбыз. Филиппин астанасы Манилада «Шератон» деген мейманханасында қыстық киімдерімізді жүк сақтау камерасына тапсырдық.

Манила әуежайындағы кеден қызметкерлері жүгімізді көтерісуге көмектесе жүріп, менің бөркімді, тонымды қызықтап қарап, әбден мәз болған. Қалың киім оларға мүлде таңсық. Қолдарына алып сипап, бастарына, денелеріне киіп қарап (олардың көздерінен қызығушылығын байқап мен әдейі рұхсат бергенмін) мәз болды. Қызықтады, ауырлығын сездіріп күлді.

Ертесіне одан әрі баратын жерімізге сағат жарымдай автобуспен тағы жүрдік. Содан аралдағы діттеген жерімізге келіп бунгалоға орналастық. Қазақтардың сабан шөптен салатын күркесі сияқты, бірақ іші кереметтей кең, барлық жағдай қарастырылған. Бунгалоның ішінің ауа райы қоңыр салқын. Айнала жасыл желек, кокос пальмалары, төбеден құйылып тұрған банан, кокос жаңғақтары. Даладағы ауа ылғалды, ыстық, бірақ біз барған кез қыс болғандықтан жанға жайлы ыстық. Филиппиндіктер мінезінің жайлылығымен, биязылығымен әлем бойынша қонақтарға қызмет көрсету саласы бойынша аты шыққан халық екен. Артынан оқып білдім ғой. Өте биязы, жұмсақ, үндері әуенді. Қытайлар сияқты бақылдап, бақырып, шақырып, қылғынып жатқан бір адамды көрмейсің. Солтүстік қытайлар қатты сөйлейді, оңтүстікке жақындаған сайын үндері, тілдері жұмсара береді. Артынан Даляньда (ертедегі орыстардың Сары теңіздегі Дальний деген порты екен) емделгенде байқағанмын. Андасаңыз, қазақтар да солай ғой, сірә климат әсер ететін болар, оңтүстіктің қазақтары биязы сөйлейді, батыстың, солтүстіктің қазақтары дөрекілеу, қатқылдау сөйлейді.

Бірі күн демалып, табиғатқа бойымызды үйреткеннен кейін Маниладан хилер келіп емін бастады. Айтуларынша, сол елдің атағы шыққан, тәуіпшілігі тұқым қуалаған (біздің халық емшілері сияқты ғой) бес хилер бар екен. Бізді емдейтін солардың біреуі екен. Астанасы Манилада ашып қойған емдеу орталығы бар, жұманың бір күнінде жарлы адамдарды ақысыз емдейтін көрінеді. Бізге келген хилердің аты Роми екен. Жақсы адам. Алғашқы күні барлық емделушілерді бір жерге жинап, дөңгелентіп тұрғызып құдайға құлшылық жасатқызды. «Жаратушы Иеміз біреу, ол барлығымызға ортақ» деді. Ромидың айтуымен жиналғандардың ішінен әр діннің өкілі өз діндері бойынша білгендерінше дұға жасады. Католиктер (хилер католик екен), буддашылар, христиандар, мұсылмандар дұғаларын оқыды. Қазақтардың атынан шымкенттің бір жігіті жақсылап, дауыстап, мәнісін келістіріп дұға оқыды. Соңынан әлгі хилер дұға жасады. Дұға оқығандағы тілдері былдырлаған бірдеме, күлкілі. Арықтағы бұлақтың суының сылдыры сияқты ма?! Видеоға түсіріп жазып алғанмын, тыңдағанда әлі де күлкім келеді.

Хилердің қасында бірнеше массажист жігіттері бар. Операцияның алдында барлық адамдардың диагноздарын өзі қояды, ол үшін әр адамды операция үстеліне жатқызып оң қолының алақанымен бүкіл денесін сканерлеген сияқты денеден он сантиметр биіктіктен жүргізіп шығады. Толықтай жалаңаш жатқан адамның басынан аяғына дейін. Жылжып келе жатырғанында әр ағзаның тұсына кідіріп, сырқатын айтып тұрады, қасындағы ассистенті журналға жазып тұрады. Біздің хилердің ассистенті өзінің келіншегі екен, өте әдемі, сұлу келіншек. Кезінде Мисс Филиппин болған. Массажист жігіттер де өздерінің ағайындары, өзінің інілері, балдыздары. Диагноздары қойылғаннан кейін барлығы кең, қоңыр салқын фойеде, немес кең террасада мұхитқа қарап отырып өз кезектерін күтеді. Кезек күту кезінде сусынның, жемістің неше түрі үстелде тұрады, пайдалана беруге рұхсат. Әрі төрт жігіт кезекте тұрғандарға массаж жасап жатады. Менің жасымды сыйлап бірінші кіргізді. Операцияның алдында адамдардың түгел денесіне массаж жасалады, кокос майымен түгелдей майлайды. Ең бірінші күнгі жасалған операцияларды видеоға түсіруге рұхсат берілді. Түсіріп алдық. Бір жасағанда бір адамның төрт, бес ағзасына (табылған сырқатына байланысты) операция жасайды. Түгелдей жалаңаш денеңмен биік үстелде жатасың, өзі қай жеріңе операция жасайтынын айтып тұрады да сол жерді алақанымен сипалап массаж жасағандай болып тұрады, содан оң қолының ортаңғы саусағын сол жерге тығып жібереді. Қан атып кетеді, саусағымен бірдемелерді ішіңнен іздеп тауып, сылып алып, саусағына іліп алып шығады. Көзің ашық, есің тұзу, бәрін көріп жатасың. Суырып алған етін қанын сорғалатып көзіңе көрсетеді, содан кейін урнаға лақтырады. Сенбеске амалың жоқ. Операция орны дереу түк болмағандай жазылып кетеді. Артынан талай қарап зерттедік қой, сол бойда сәл көгерген ізі болады, артынан ол да кетіп қалады. Арасына күн салып бес рет ота жасағанда шамамен менің жиырма бес ағзамды тазалаған сияқты. Бұл оталарға менің өзімнің тауып қойған теңеуім - бұл ағзаны бір кездерде зиянын тигізетін арам еттерден тазарту. Өзіме ота жасағанда келіншегім видеоға түсіріп, кірпік қақпай бақылап тұрды, оған ота жасағанда мен де тап солай бақыладым. Бірақ, хилердің жұмысынан бір кінарат таба алмадық. Ешқандай гипноз, көзбайлау да жоқ. Бірінші күннен басқа күндері видеоға түсіруге рұхсат берілмеді, ойым бөлінеді, жұмыс уақыты созылып кетеді деген уәж айтты. Барлық күндердегі оталар сол бірінші күнгідей өтіп жатты. Сол сапарда біздермен бірге Алматыдан үш қалмақ жігіті аналарымен бірге келді. Солар хилермен Алматыға келіп жұмыс жасау жөнінде әңгімелесіп жүрген еді. Ауқатты қалмақтар, жақсы жігіттер. Аналары да өте жақсы, балалары да тамаша. Анасы да, балалары да мені өздерінің бір кездері дүниеден өткен

әкелеріне ұқсатып, мені әкелеріндей қамқорлап, көмектесіп жүрді. Алматыға қонаққа да шақырды.

Филиппин елінен оралған соң бірер жыл кейін ресейлік телеарналардың бірінен хилерлер жайында бірнеше хабарлар болған. Сол хабарлардың ішінде осы Ромиды да көрсетті. Олардың айтуынша, бұлар алаяқтар екен. Бірақ мен олай ойламаймын. Бұл хабарларды біреулердің тапсырыстары бойынша түсірген сияқты болып көрінді маған. Қайдан білейін, мен бұлардың барлығын да өз басымнан өткіздім ғой. Сырқатымнан құлан таза жазылып та кеткен жоқпын, бірақ едәуір жеңілдіктер болғаны анық. Жас кезімізде елеп-ескермеген басқа жеңіл-желпі ауруларымның бірін Роми өз қолымен сылып алып тастады, содан бері мені мазаламайды. Ресми медицина ота жасап біраз қинайды ғой. Ал хилер болса бір сәтте көзімді бақырайтып қойып сылып тастады, көзіме көрсетті. Бұл тек менің сезгенім ғана, ал басқа ағзаларымнан да сылып алған дүниелер жетерлік. Мүмкін, мен сезбей жүрген, сол сылынып тасталған дүниелер менің осы күнге дейін өзімді біршама жақсы сезініп жүруіме септігін тигізген де болар, оларды дер кезінде сылып алып тастамаса мүмкін маған бір күндері зиянын келтіретін бе еді? Кім білген?! Әйтеуір әр қарекеттің артында бір пайдасы болады дегендей ғой ... Хилер де қазақтардың тұқым қуалайтын сынықшы, бақсы, тәуіптері сияқты емшілер деп түсінемін. Мақтамаймын да, жамандамаймын да.

Өзіміздің қазағымыздың ішінде де кереметтей сынықшылар, тәуіптер, бақсы-балгерлер өзін арнайы іздеп келе жатырған науқасты ол үйінен шықпастан бұрын, тек ниеттенген уақытынан бастап сезіп, біліп, қандай сырқатына шипа іздеп келе жатырғанына дейін, қашан келетініне дейін біліп отыратын халық емшілері, сынықшылар бар екенін бәріміз де білеміз. Менің айтып отырғаным қазіргі замандағы қаптап кеткен «халық емшілері» емес, халықтың өзі мойындаған емшілерді айтып отырмын. Сөзім дәлелді болуы үшін бір мысал келтіре кетейін. Ертеректе, менің ондайларға сенбейтін жас коммунист шағымда, анам төсек тартып жатып қалды. Белі шойырылып орнынан тұра алмай қалды. Ол кісі дәрігерді көп жақтыра бермейтін, өмірінде ауырмаған, нағыз еңбектің адамы болатын. Бір сәтке болса да қол қусырып отыру деген ол кісі үшін азап болатын. Жақтырмағанына қарамастан дәрігерлерді үйге алып келіп көрсеттік, емдерін жасаттық. Бірақ еш нәтиже көріне қоймады. Анамның төсек тартып, көздері жәудіреп қимылсыз жатуы біздерді, әсіресе ол кісіні өмірі бұндай жағдайда көрмеген мені қатты қинады. Ол кезде қаламыздың аты Шевченко болатын, анамның тұратын пәтері тоғыз қабатты үйдің сегізінші қабатында еді. Лифт жасайды, үй жаңадан ғана пайдалануға берілген, сыңғырлап тұр. Бір күні анам маған:

«Әй, Бәкөн, сен мені Гурьев облысындағы Мұқыр деген жердегі Уәзипа келініме алып бар, бүгін түсімде көрдім, сол мені күтіп отыр, менің белімді бір жазса сол жазады. Емнің сәті соған түсіп тұр» деді. Анаммен атын айтып тіке сөйлесетін әдетіме басып, ондайларға сенбейтініме салып жастық қызбалықпен көнбегім келіп тұрды. Әрі ол кісіні жерге қалай түсіру керек, машинаға, пойызға қалай отырғызу керек, жол болса өте алыс, жолда қалай болады деген көп сұрақтар басымда қайнап жатқан. Бірақ қанша уақыттан бері анамның осылай қимылсыз жатқанын ойлап, барлық ойларымды ысырып тастадым да келісімімді бердім. Балаларының үлкені де, үміт арттары да өзім болғаннан кейін, қалай болғанда да айтқан тілегін мүлт еткізбей орындауды өзіме парыз санадым. Жұмыстан сұрану, поезға билет табу, поезға анамды жатқан күйінде жеткізіп салатын машина табу дегендерің ол заманда қиямет қайым болатын. Шауып жүріп бәрін де реттегендей болдым. «Маңғышлақ-Ақтөбе» пойызына Мұқыр стансасына дейін плацкарт вагонға астыңғы орынға бір билетті әрең тауып, өзім билетсіз жүріп кеттік. Бір күн жолда жүріп жеттік. Поездан анамды түсіру, ағамыздың үйіне жеткізу біраз қиыншылық туғызды. Түс ауа келсек жеңгіміз біздерден сәл бұрынырақ басқа поезбен көрші елдімекенге қайтқан адамның шаруасына кетіп қалыпты. Анамды пештің түбіне орналастырып, шай ішіп, аман-түгел алысып бола бергенімізде алыстан ат арытып іздеп келген жеңгіміз де есіктен аптығып кіре берді. Мен бұл жеңгімізді бұрындары көрмеген едім. Таныстық. Жағдайды баяндап бердім. Жеңгіміз көп сөйлемейтін, көздері өткір, әдеміше әйел екен. Аққұбаша, онша толық емес, орта бойлы, байсалды жан. Барған жеріндегі шаруасын тез бітіріп, үйде өзін алыстан іздеп келген адамдар бар екенін сезіп тездетіп жеткен бойы. Әйтпесе, үйдегілерге ертесіне келетінін айтып кетіпті жолға шығарында. Уақыт болса түс қайтып кеткен кез болатын. Пештің түбінде төсекте жатқан анаммен аздап сөйлесті, әр жерлерін сипалап ұстап қарады. Біздердің келетінімізді білгенін де жеткізді, бірақ дәл осы поездан түсетінімізді байқамапты. Бұндайларға онша сене қоймайтын жас коммунист мен емшінің не жасайтынын, айналада болып жатырған барлық жағдайды сын көзбен, ештеңені қалт жіберместен мұқият бақылап отырмын. Дәретін алып, тазаланып болып құмалақ ашты. Қойған диагнозы: «Көз тиген». Менің: «Үлкен адамға да көз тие ме екен?» деген сұрағыма: «Қайным, анаң жасына қарамастан өте жылдам қимылдайтын адам, шапшаңдығына сыртынан тамсана қараған бір адамның «көзі атып» кеткен екен. Емдейміз. Бұндайға дәрігерлердің емінің шипасы түсе бермейді, келгендерің дұрыс болған. Есінде болсын қазақта «тышқан бокқа да көз тиеді» деген сөз бар, оған қарағанда апамызға көз тиюі заңды құбылыс» деді. Менің бұл сөзге әлі де болса көп сене қоймағанымды ол жеңгіміз сезді, бірақ

маған ештеңе демеді. Емді күн ұясына батып бара жатырғанда жасайтынын ескертті. Сәлден кейін күн де бата бастады. Жеңгем далаға шығып кетті де даладан қолына аттың ауыздығын, қамшы, бірнеше қалың сырт киімдерді ала келді. Емін бастарда менің бөлмені екіге бөліп тұрған пештің арғы жағында күте тұруымды сұрады. Ол жаққа шыққым келмесе де, барып отыруыма тура келді. Құлағым, бүкіл санам анам мен емші жақта. Даладан алып келген бағанағы заттардың бұл емге қандай қатысы бар екенін білгім келіп жаным шығып бара жатыр. Бір мезгілде пештің арғы жағынан анамның ыңырсыған, ауырсынған дауысы шыға бастады, емшінің де оқыс дауыстары естіліп қояды. Қамшымен бірдемелерді сабалаған дауыстар да естілетін сияқты. Бүкіл болмысыммен ана жақта не болып жатырғанын көзіме елестете алмай, тағатсызданып тыпыршудамын. Қанша уақыт өткенін байқамадым, бір мезгілде жеңгем мені қастарына шақырды. Мен кірсем анам бағанағы пештің түбіндегі орнында жатыр, үстіне емшінің мана даладан алып келген қыс киімдерін түгелімен үйіп жауып қойыпты. Басы да көрінбейді. Жеңгем емін аяқтағанын, кешкі ас дайын болғанша анамның осылайша жата тұратынын айтты. Алдында ыңқылдап ауырсынып жатқан анамның дыбысы шықпай қалған, тек мұрнының пысылдап демалғаны ғана естіледі. Жеңгем ас қамымен далаға шығып кетті. Даладағы малдарын жайғап, үй шаруаларын бірыңғайлап болып ағам да үйге кіріп қасымызға отырды. Әңгімелесіп отырмыз. Бұл ағамды да мен көп білмейді екем, сәби кезімде сирек көрген сияқтымын. Мұғалім, мектеп директорлығына дейін көтерілген, қазір зейнет демалысында. Мұқыр ауылы біршама үлкен ауыл, мал шаруашылығымен айналысатын совхоздың орталығы, теміржол стансасы бар елдімекен. Ақтөбеге, Алматыға, Москваға Атыраудан, Маңғыстаудан, Түркіменстаннан теміржол осы ауылдың үстімен өтеді. Тас жол да солай. Біраз уақыттан кейін кешкі ас та дайын болды, дастархан жайылды. Қолға су құйылды. Жеңгем барып анамның үстіне тау болып жабылған қысқы киімдерді біртіндеп алып жинап қойды да, анама тұрып қолыңды, бетінді жуып шайға келуіңе болады деді. Бұған дейін жатқан жерінде тамағын ішетін анам жеңгемнің айтқан сөзінен кейін орнынан атып тұрды. Бір сілкініп алып жақсылап жуынды, жаулығын түзеп, аяғындағы мәсін де сулы қолымен бір сипап жинақталып дастарханның төріне шығып отырды. Мен таң қалғанымнан аузымды ашуға шамам келмей қалды. Үн шығарсам, оқыстан сұрақ қойсам бірдемені бүлдіретіндей болып дымым ішімде, тек көздеріммен анамды бағып отырдым да қалдым. Жеңгем түк болмағандай шай қамымен шауып жүр. Ағайда да үн жоқ. «Как будто так и должно быть». Менен басқалардың барлығы бұл жағдайды «осылайша болуы қалыпты нәрсе» сияқты қабылдады. Ал ештеңені түсінбей іштен тынып отырған тек мен ғанамын.

Мәссаған, нешеме күндерден бері орнынан бір қозғалуы мүң болып төсек тартып жатқан анам, жеңгейдің «орныңнан тұрып шайға келе бер» деген сөзінен кейін түк болмағандай, жас балаша атып тұрды. Аузымды ашып айран-асыр болып мен отырмын. Шай ішілді, сырқатынан айыққан анам мен інісі, келіні әңгіменің қабының аузын ашты дейсің. Шай ішіліп болғасын жеңгемнен сұрадым: «Бұл қалай болғаны, қалайша емдедіңіз, аттың ауыздығы мен қамшы неге керек болды?». Жеңгемнің айтуы бойынша анамның аузына ауыздықты салып, анамның үстіне өзі ат қылып мініп, қамшымен сабалап, әдейі осыған арналған дұғаларды оқып болып, анамды пештің түбіне қысқы қалың киімдердің жетеуін жауып тұмшалап тастапты. Жеңгем екеуміз емнің жайын айтып отырғанымызда, көзімнің қырымен бағып отырғаным анамның қимылдары болды, анам баяғыдай жылдам жүрісімен далаға шығып дәретін алып, намазын оқып, қаза болған намаздарын да қоса оқып, сәждеге басын тигізіп сау кезіндегі күніне бес мезгіл жасайтын «физ.зарядкасын» (інілерімнің сөзі) жасап жатты. Түк болмағандай. Сәлден кейін ет желінді. Бізге арналған қонақасымыз ертең беріледі, бүгінше емді аяғына дейін жасау керек болып тұр деп түсіндірілді. Маған салса бұдан асқан қандай қонақасы, қандай сыйлық болуы мүмкін деп ойлаймын ішімнен. Жеңгем түнгі ұйқыға жатарда анамның беліне бірдемелерді жағып, сыртынан жылы орап жатқызды. Ол құрқылтайдың ұясынан жасалған тұнба екен. Сонда көрдім құрқылтайдың ұясының қандай болатынын. Әйтпесе ауызекі әңгімеден өте тар жерді көргенде қазақтардың айтатын «құрқылтайдың ұясындай» екен дейтін теңеуін талай естігенмен, оның өмірде қандай болатыны жөнінде байыптап ойланып көрмеппін де. Енді міне көруіме, тіпті қолыма ұстап қарауыма да мүмкіндік туды. Сырт көзге жас сәбидің жүннен тоқылған шұлығына қатты ұқсас екен. Ақ түсті жүннен, қыл-қыбырдан әдемілеп тұрып жасалған, шұлыққа ұқсас элементтері бар екен. Тығыз киіз сияқты. Содан біздер үш күн ем қабылдап барып ауылымызға қайтар жолға шықтық. Халық емшілері, сынықшылар жөніндегі менің коммунистік көзқарасым мүлдем теріс жағына қарай төңкеріліп түскендей болып мен еліме келдім. Айта кетуім керек, менің Бисенғали атамның діни сауаты мықты болатын, арабша оқи да, жаза да алатын, құрандарын оқып, керек жерлерін үнемі ақ қағазға қолмен көшіріп жазып алып отыратынын сәби шағымнан көріп өстім ғой. Балалық шағымда ауылдағы сырқатына шипа іздегендерді, малын жоғалтып көмек сұрап келгендерді құр қайтармайтын, көмегін көрсететін. Құмалақ ашатын, дем салатын, бойтұмар жазып беретін. Бірақ ол қасиетін жария қыла бермейтін(балаларыма кесірі тиеді деп қауіптенетін), тек өзіне арнап келген адамдарға қана көмегін беретін. Алдағы болатын кейбір жағдайларға

байланысты түс те көретін. Көрген түстері өмірде бұлжытпай келіп жатырғанын ауылдастарымыз айтып жүретін, үйдегілер де. Ондай қасиет менің анамда да бар болатын. Қолы бос болғанда, оңаша қалғанда, көңілі бірдеңелерге аландағанда жайнамазының астына тығып қойған құмалақтарын шашып жіберіп бірдемелерді күбірлеп отыратынын бәріміз де көретін едік, білетін едік. Бірақ мән бермейтін едік. Сананы улаған атеистік насихат бізді осылайша адастырып әкетіп бара жатырғанын сезбейтін едік. Енді міне менің көзім ашылғандай болды. Санама біртіндеп бірдеңелер кіре бастағандай болды. Айналама басқаша көзбен қарай бастағандаймын ба, қалай?! Уәзипа жеңгемнің тылсым қасиетін өз көзіммен көргесін ғана сендім, ал атамның, өз анамның түс көретін, құмалақ ашатын қасиеттерін, атамның көмек сұраған сырқаттарға дұға оқып, үшкіріп дем салып, бойтұмар жазып беріп көмектескендерін қалай түсіндіруге болады?! Анамның қаншама күн қимылсыз жатып, бір түннің ішінде өте алыс жердегі емші келініне алып баруыма себеп болатын түс көруін қалай түсіндіруге болады?! Жеңгем сияқты емшілер, сынықшылар сол Маңғыстау өңірінде де баршылық еді ғой. Сұрақтар өте көп, олардың бәріне бірдей жауап табу мүмкін де емес. Бірақ кейбір сұрақтарыма жауапты жеңгемнен алуға тырыстым. Анам үш күн ем қабылдады(сол емнен кейін осы сырқатынан құлан таза жазылып кеткеніне мен куәмін, өмірден озғанынша белі мазалаған емес), сол күндері мен жеңгемнен бұлардың сырын сұрай бастадым. Бұрындары кекесінмен күле қарайтын маған бұлардың бәрі қызық болып шыға келді. Жеңгем өзінің емшілік хикаясын бастап айта берді, мен құлағыма құя бердім. Ағамыздың аты Шәкір, бұл жеңгем ағамыздың екінші әйелі. Уәзипа жеңгеміздің айтуынша бұл қасиет оның бойында жас кезінен болған. Әр қасиеттің өзіне тән бір киесі болады екен, пірі дейміз бе, әулиесі, иесі дейміз бе білмеймін. Жеңгемнің қасиетінің иесі үлкен ақ жылан екен. Беліме оратылып тұрады дейді. Балалық шағымда, бойжеткен шағымда дұрыс ұстай алмай бірталай мазам кетті. Қандайма бір үлкен сынықтарды, тіпті аяғын сындырған түйелердің, сиырлардың жіліктерін де алақаныммен бір сипап орындарына түсіре беретін едім. Кейде әлдеқандай себептермен қолым тимей, сынған адамға бара алмайтын болсам басымдағы орамалымды шешіп беріп жіберетін едім де, сол орамалмен сынықты бір сипап орап тастаса жаны шыға зарлап жатырған адамның сол сәтте сынықтары орнына түсіп, өзінің маңдайынан тері шығып қалжырап, бусанып ұйқыға кететін еді. Өте ұсақ болып уатылған сүйектерді де қиналып әбігерге түспестен бір сипап орындарына жинап қоятын едім. Мені іздеп біреулердің келетінін қалайда сезетін едім. Бұлардың ауылы Ресейдің Астрахань облысы жағында, ылғи орыстардың арасындағы қазақтар мекендеген ауыл болыпты. Содан бір күні

ата заңы бойынша бір малшы жігітке атастырылып тұрмысқа шығады. Күйеуі араққа бейім болып шығып, орыстармен қосылып ішуге қарай мойын бұрып кетіпті. Совхоздың малымен шаруасы болмай, қаңғуырлап кететін де кездері жиілейді. Бірінші май мерекесі күні бұл қазанға бауырсақ пісіріп жатса, өріске мал айдап кеткен күйеуі түс мезгілінде қайтып келеді. Удай мас. Мал қалған өрісте қараусыз. Өздігінен атынан түсе алмай, бір аяғы үзеңгіге ілініп қалып, шығара алмай әбден шаршайды. Көмекке барған бұны боқтап қуып жібереді. Содан ашуға булығып атын басқа, көзге қарамай қамшысымен төпелеп сабайды. Жануардың жаны шыға кісінейді, шылбыры иесінің қолында, иесінің бір аяғы үзеңгіден әлі шықпаған, жануар қайда кетерін білмей бір орында шыр айналады. «Жазықсыз жануарда не өшің қалды, ұрмасайшы, мен көмектесейін» деген сөздерді құлағына да ілмейді күйеуі. Әбден шаршаған, ызадан жарылуға шақ тұрған күйеуінің қолына иығындағы мылтығы түседі. Аяғын шығарар шығармастан бәріне келіншегі кінәлі адамдай, ол мылтығын оқтай салып өзіне көмекке жүтірген әйеліне кезеніп, мынаны көргенде не істерін білмей қалшыыптұрып қалған әйелін атып жібереді. Мылтықтың «тарс» еткен үні шығады, бірақ әйелге оқ тимейді. Есін жия алмай қанша тұрғанын өзі де білмейді. Есін жиғанда көргені күйеуінің қолындағы мылтығының ұңғысының орта тұсы күп болып ісініп кеткені еді. Бұған атылған оқ мылтықтың ұңғысынан шықпастан, ұңғыны ісіндіріп жіберіпті. Күйеуі де мастығынан есін жинап, мылтықтың неге оғы шықпағанын, не болғанын түсінбей есеңгіреп тұр. Содан бұл күйеуінен ажырасады. Артынан құдай айдап біздің ағамызға кез болады, бас қосады. Жеңгеміздің айтуынша оны атылған оқтан, ажалдан арашалап қалған өзінің бойындағы қасиетінің иесі ақ жылан екен. Осы оқ атылғанға дейін ол ақ жылан сынық саларда, біреулерді емдерде өзінің көзіне көрініп, беліне оратылып тұрып алатын. Бұл содан күш алатындай болады екен. Бойына осындай ерекше қасиет біткен адамдардың барлығының да жебеуші пірі, қасиетінің иесі болатынын талай оқығанмын. Кейбіреулерде ол ақ сақалды қарт, ақ жаулықты ана, жолбарыс, көкжал қасқыр, ашулы ақ бура, тарпан айғыр ... болып қасиет иесін қолдап жүреді. Қасиетке ие болған адамдар тек емшілер ғана болмауы мүмкін. Олардың қатарында хан да, батыр да, би де, ақын да, дәулескер күйші де ... болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда ол жебеуші иелері әлдебір себептермен қазіргі иесінен басқа бір адамға да ауысып кетіп жататын жағдайларды оқығанмын. Жеңгемнің басындағы жағдай тап осыған келіп тұрған сияқты. Сол оқиғадан кейін ақ жылан бұның көзіне ешқашан да көрінбейтін болыпты. Сондықтан ендігі кезде сынықтарды салғанда да бұрынғы кездегідей еш күш жұмсамай сала салмайтын болған, сылап-сипап, жігін іздеп, қиюын келтіріп үлкен жұмыс

жасап салатын болған. Бойындағы күшін манағы өзіне атылған мылтықтың оғын қайтарамын деген иесі ақ жылан алып кеткен дейді. Бірақ бойындағы бұл қасиетті дұрыс жерінде пайдаланбаса, жасырып ұстағысы келсе өзінің мазасы кететінін сезеді. Сезеді де көмегіне мұқтаж жандарға көмектеседі. Көмектеспей тұра алмайды. Ендігі кезде біздің ағайға тұрмысқа шыққаннан кейін, танымайтын елге келгеннен кейін бұл қасиетін көрсеткісі келмейді. Қанша дегенмен мектеп директорының жұбайы, ауылдағы атқамінерлердің бірі жұбайының атына кір келтіргісі келмейді. Әрі күйеуі партия мүшесі, оған сөз келмесін деген ойы ғой. Бұрындағыдай далада қой бағып жүрген қойшының әйелі емеспін, мені кім көреді деп те ойлайды. Бірақ бойдағы қасиет шыдата ма? Бір күні үйлерінің маңындағы ойнап жүрген балалардың біреуінің шыңғырып жылаған жан даусын естиді. Жүгіріп барса, пәтердің төбесінен секіріп түспек болған бір баланың аяғының жіліншік сүйегі сынып кеткен екен. Дәрігер қайдан болсын ауылда, бала болса жан дауысымен шырқырап жатыр. Сай-сүйегі шымырлап тұра алмайды. «Әй, не болса о болсын, нар тәуекел, құдайдың басқа салғанын көре жатармын» деп баланың сынған жіліншік сүйегін сипалап отырып салады, басындағы жаулығымен жақсылап орап байлайды. Бала жылағанын қояды. Баланы көтеріп, үйіне әкеліп төсекке салады. Сөйткенше болмай баласының аяғының сынғанын бірге ойнап жүрген балалардың біреуінен естіген әкесі мен шешесі де жетеді. Жандары шығып келсе, балалары төсекте маужырап ұйықтап жатады. Аяғы ақ жаулықпен таңылған. Түсінбей тұрып қалады. Естірткен балалардың айтуынша баланың шырқырағанда жаны шыққандай екен, ал қазіргі көріп тұрғандары мүлдем басқа. Аяғы сынған бала бұлай алаңсыз ұйықтай алар ма?! Әңгімелескеннен кейін барлық сырға бұлар да қанығады. Барлық сыр болғанда, баланың аяғының сынғаны шындық екенін, оны жеңгемнің салғанын ғана естиді. Артынан рентгенге түсіргенде сынғаны да, дұрыс салынғаны да расталады. Содан бастап ауыл арасында әңгіме гулей жөнеледі. Әңгіменің арты совхоздың партия ұйымының хатшысына да жетеді. Мектептің партия ұйымы мүшелері сан жағынан аз болғандықтан оларды совхоздың партия ұйымына қосып қойған болатын. Партия ұйымының хатшысы мектеп директорымен жеке отырып сөйлеседі, түсінік жұмысын жүргізген болады. «Әйеліңе түсіндіріп айт, бұл әурешілігін қойсын, халықтың басын айналдырып табыс табуын тоқтатсын, әйтпесе мәселеңді майшаммен бюрода қарауға тура келеді» дегенге саяды ғой әңгіменің түп төркіні. Ағамыз әйеліне ештеңе демейді. Осылайша күндер өте береді, ауылдың адамдары шыққан, тайған, сынған сүйектерін бұған салдыруын қоймайды. Басқаша да кейбір сырқаттарымен, әсіресе сәбилердің сырқатымен күн демей, түн демей келе береді. Тіпті жақын жердегі

елдімекендерден де келетінді шығарды. Тоқтау қоюға, тиым салуға болмайды. Тыңдамайды. Көмек сұрап келген адамның меселін қайтаруға Алладан қорқады. Партия бір жағынан, адамшылық қасиет екінші жағынан қыспаққа алады. Партия ұйымының хатшысы да жұлынып тұрған пысықша жас еді. Өзін де көрсеткісі келеді, көзге де түскісі келеді, мансап та керек дегендей. Осылайша әрі-сәрі күйде жүргендерінде партия ұйымының хатшысының екі жастағы сәбиі, кіші дәреті жүрмей қиналады. Жалғыз ұлы шырқырап жылағанда хатшы жанын қоярға жер таппайды, әйелі күйеуінің жанын жеп емшіге апаруын сұрайды. Емшіге бармайын десе баласы шырылдайды, дәрігерлерге апаруға аудан орталығына дейін өте қашық. Жол жаман. Қақаған қыстың ала бораны ұрып тұр. Амалсыздан баласын алып әйелі екеуі жеңгемізге келеді. Жеңгеміз сөзге келместен баланы қолына алып шешіндіріп қарай бастайды. Баланы әкесінің тізесіне жатқызып қойып қуық тұсын сылап сипайды, құрқылтайдың ұясын жылы қылып қуығына басып, сыртынан өзінің басындағы жаулығымен орап тастайды. Бала тынышталғандай болады, шүметегі шошайып жаулықтың шетінен көрініп тұрады. Шаршаған әкесі баласының тынышталғанына мәз болып шүметегінен иіскейін деп еңкейе бергенінде баласы әкесінің бетін, басын түгелдей жуып шаптырып жібереді. Көп шаптырады. Әкесі қуанғаннан есі кетіп баласының шаптырғанына мәз болып басын тартып алуды да ұмытып кетеді. Бала қанша уақыттан бері тынымсыз жылағандықтан қатты шаршап, қуығы босағаннан кейін жаны тынышталып, талықсып, маужырап тәтті ұйқыға кетеді. Содан кейін ағамыз да, жеңгеміз де қудалаудан құтылады.

Міне, осындай өз басымнан өткен жағдайдың әсерімен жүргенімде менің қолыма сол кездегі «Білім және Еңбек» журналында және де көптеген Москвадан шығатын басылымдарда жарияланған филиппиндік халық емшілері хилерлер туралы материалдар түсті. Құныға, қызыға оқыдым. Басқа біреулер үшін қызық емес те болар, ал анамды емдету арқылы халық емшілері жайындағы пікірім түбегейлі өзгеріске түскен маған бұл материалдар қатты әсер етті. Бір замандарда осы оқығандарым маған ой салар-ау деген ой ол кезде менің басыма келген жоқ. Сол кезде тек адами қызығушылық болатын мендегі. Бұл жағдайлар өткен ғасырдың сексенінші жылдарының орта тұсында болған болатын, ал менің филиппин еліне ем іздеп баратыным осы ғасырдың(2007ж.) жетінші жылының қысы ғой. Ол заманда екі мыңыншы жыл болады ғой, сол кездері біз қандай болар екенбіз деп тіпті де ойламайтынбыз. Филиппинге хилерді іздеп барады екенмін, тірі хилерді көреді екенмін, оған ота жасатады екенмін деп ойлау фантастика болатын біз үшін. «Адам айдаса бармассың, құдай айдаса қалмассың» деген

дәл айтылған сөз екен. Жоғарыда жазған қазақы емшінің өз көзіммен көрген күдіреті мен журналдардан оқығандарым дөп келіп мені қысты күні алыс сапарға жетелеп алып шықты. Ит өлген жердегі, мұхиттың ортасындағы Себу деген кішкентай арал қайда, оған барып, келуге, емге кететін шығын қайда десеңші?! «Құдай айдады ...» деген осы емес пе?! Сапарлауымның себептерін жеткізгендей болдым.

Ал енді ол елдің басқа да қырларына тоқталып өткенді жөн көріп отырмын. Ол жаққа сапарлаудың алдында елінің жағдайымен қолым жеткен материалдар арқылы танысып шықтым. Тынық мұхиттағы аралдар елі. Халқының саны жүз миллионнан асады. Аралдардың саны өте көп, жеті мың бір жүз арал бар. Солардың үлкендерінің бірі Себу. Аралдың орталығы Себу қаласында сегіз жүз мыңдай халық орналасқан. Тропикалық өңір болғандықтан көктем, жаз айларында муссонды жаңбырдан көз ашылмайды, сондықтан күз, қыс айларында барған өте ыңғайлы екендігін білдім. Январь айының аяқ жағына қарай бір Аллаға сиынып тартып кеттік. Біз барған қыс айларының өзінде табиғаты өте тамаша екен. Нағыз жұмақ осы жерде сияқты көрінді бізге. Халқы қазақтарға ұқсас деп жаздым ғой, ендігі бір қызығы халқы тек түр әлпетімен ғана бізге ұқсамайды екен. Ағайынды сыйлау, ағайындарының көптігімен де дәл қазақтан аумайды екен. Бір адамның айналасындағы тума-туыстарынан аяқ алып жүре алмайсың. Немере ағайындары, нағашы-жиендері, тіпті құдаларын да өзіміз сияқты ағайын қылып сыйлайды, құрметтейді екен. Бізді емдеген хилер Ромидың айналасы толған өз ағайындары(жанұялық кәсіп деуге келіңкірейді). Біз жатқан жерге әртүрлі қызмет көрсететін жұмысшылардың көпшілігі бір бірлеріне туыс болып келеді. Аспазшылар, даяшылар, күтушілер, аула тазалайтындар, жүргізушілер, аудармашы тілмаштар ... Барлығы бір ағайын болмағанымен арасында бір бірлерімен туыстық жақындықтары барлар көп екен. Сұрастырып жүріп білгенім олар біздерден бетер ағайыншыл екен. Негізгі діні католиктер, бірақ мұсылмандар да, христиандар да, басқалар да аз аздан бар. Төбеңнен құйылып тұрған банандар, бірақ біздің елдегі банандардан тым кішілеу. Кокос пальмасы көп. Ұшар басында кішігірім адамның басындай, тіпті одан да үлкен кокос жаңғақтары өсіп тұр. Пальмалардың діңгектерін баспа ағаш сияқты қылып адам аяғын тірейтіндей кертпелер ойып қойған. Біздердің бунгалоларымыз орналасқан аймақ, біздің түсінігімізше санаторий сияқты, қалған қала халқынан оқшауланып орналасқан. Осы аймақтан шықпай электромобильмен барлық жерді аралауға болады. Бірақ мен жаяу, таяғыма сүйеніп те біраз жерлерді шамам жеткенінше шарлап көрдім. Не деген тамаша табиғат десеңші?! Біздің тіпті

түсімізге де кірмеген сұлулық! Ертегілерден, саяхатшылардың жазбаларынан оқысақ оқыған шығармыз, бірақ сене қоймаған да болармыз. Жазушының қиялы ғой деп ойлағанымыз кәміл. Кездескен филиппиндікке пальманың басындағы кокосты көрсетіп, ыммен түсіндіріп «алып бер, шырынын ішкім келеді» десең болғаны. Сол бойда маймылдар сияқты жоғары өрмелей жөнеледі, жаңағы айтқан кертіштерге табандарын тіреп, қолдарымен дінгекті құшақтап алып көз ілеспес шапшаңдықпен кокос жаңғағына жетіп барады. Қанша керек десең соншасын беліне ілген ұзын селебе пышағымен шауып түсіреді. Мексикандардың қант тростнигін шабатын мачетасы сияқты үлкен пышақтар. Қазақтың батырларының беліндегі қылышының сәл кішкене түрі. Жаңғақтар соншама биіктіктен жерге қатты түскендерімен жарылмайды. Қабықтары өте қалың болады. «Жаратушымыз әдейі солай қалың қылған шығар, соншама биіктіктен жерге түскенде жарылмасын деп» деген ой келді маған. Әлгі адам пальмадан түсе сала жаңғақтың төбесін пышағымен ойып шауып тесік жасайды. Сол тесіктен аузыңа төңкеріп шырынын ішуіңе де болады, немесе пластик түтікшемен сорып ішуіңе де болады. Дәл осындай жаңғақтың шырыны, бүгін ғана жаңғақтан алынған, тамақ ішетін мейрамханамызда да тұр, ыдысқа құйғанын ішесің бе, әлде жаңғақтың өзінен түтікшемен сорып ішесің бе, қалағаныңды жасауға еріктісің. Қонақтың айтқаны күтушілер үшін заң. Ал біздер бунгаломыздың алдындағы пальманың жемісін алып беруін сұраймыз. Сондағы ойымыз филиппиндіктің биік ағашқа қалай өрмелейтінін, жемісті қалай шауып түсіретінін қызықтау. Жаңғақтың шырыны ақшылдау келген сұйық, шөлінді қандырады, тамақ та болатын сияқты. Денсаулыққа өте пайдалы деді. Жаратушымыздың пендесі үшін жаратқан қандай жемісі пайдасыз екен?! Төбеңнен саулап тұрған бананың анау, жесең тамақ, қарныңды тойғызады, сусын керек болса ол да төбеңде тұр, кокос жаңғағын шауып түсір де сіміре бер. Бунгалонның іргесінде тұрған жағажайға барып мұхиттың суына қанша шомыламын десең де өз еркің. Жағалаудың құмы аппақ, жұмсақ болғанда керемет. Сабан сияқты шөптерден жасалынған көлеңкелер көп, астында жататын ағаш төсек, сүртінетін орамалымен қоса. Ағаштарға керіліп қойған гамакка жатамын десең де өзің білесің. Барлығы тек сен үшін дайындалып қойылған. Судан шығып жатқан бойыңда сусынын алып даяшы жетіп келеді. Суда жүргенде байқай қоймауың да мүмкін, бірақ суда тіке тұрған бойыңда айналаң нан қиқымын шаша бастасаң болғаны, айналаңдағы судың беті қайнап жатқандай әсерде боласың. Айналаң толған аппақ балықтар, судың бетіне ауыздарын шығарып шашқан наныңды таласып-тармасып жеп жатқаны. Мұхиттың суында еркін жүрген балықтар ғой. Сол бойда аспазшылардың көмекшілері ау лақтырып ұстап алады, тек керегінше ғана, соны қуырып түскі, кешкі асқа

ұсынады. Керегінен артығын алмайды, ауына түссе де қайтадан мұхитына жібереді. Мұхиттан краб та аулап дастарханымызға қояды. Крабтары өте үлкен, еті дәмді. Табиғатына сай адамдарының киімдері де өте жеңіл. Жеңіл футболка, шорт, сланцы. Көбіне тек бұтына шорт киіп, футболка, сланцы дегендерді киместен жүре береді. Менің түсінігім бойынша бұл елдің тұрғындары киімге, тамаққа көп шығынданбайтын сияқты. Барлығы табиғатта дайын тұр, банан, кокос жаңғағы, балық, краб ... құдайым-ау, мен білмейтін тағы нелер бар екенін бір Аллаам біледі. Тіпті үй салып шығынға батудың да орны жоқ. Ашық аспан астында өсімдіктерден күрке тұрғызып алып(біздің тұратын бунгаломыз сияқты) тұра беруге болады. Осы жерде айта кетейін біздер тұрған бунгалолар өте керемет жасалған, іші кең, цивилизацияның барлық жетістіктері ішіне жинақталған, мұздатқыш, желдеткіш, сплитсистема, ванна джакузи, душ, телевизор, тербелмелі кресло, өте үлкен жатын төсек, компьютер, жазу столы бірнеше отырғыштарымен, есігінің алдында мұхитқа қарап тұрған кең терраса ... Едендегі төсеніш бамбуктен тоқылған циновка. Менің пайымдауымша әйгілі Робинзон Крузо мен оның серігі Пятница осындай аралдарда тұрған. Айналада ағып жатқан табиғи бұлақтар да баршылық. Суын ішуге болады деп түсіндіргендерімен мен ішкен жоқпын. Ауырып қалудан қорықтым. Біздерді алып барған туристік фирманың бағдарламасы бойынша екі рет ашық мұхитқа шығып киттерді, дельфиндерді тамашаладық. Үлкен қайыққа отырғызарда барлығымызға суға батып кетуден сақтандыратын қалтқы кеудешелер кигізді. Мотор орнатылған үлкен қайық(кеме де, катер де емес), екі жағында ұзын сырықтармен орнатылған, суға тиіп тұрған, қайықтың тепе-теңдігін ұстап тұратын қалтқылары бар. Осындай қайықтарды тропикалық елдерді телевизордан көрсеткенде үнемі көреміз ғой. Ашық мұхитқа шығып, аралымыз көзден ғайып болып кеткенше айналама қарап отырдым. Біз тұрған арал онша керім үлкен болып көрінбеді, бұл үлкен Себудің қасындағы кішкене қосымша арал екен. Қайықшылар ашық мұхиттағы өздері білетін, киттер мен дельфиндердің үнемі жүретін аймағына алып келді. Біздің Каспий теңізінде балық аулаған қарт балықшылар да теңіздің қай жерінде, қай уақытта қандай балықтар жүретінін дәл айтады ғой, аумаған өзіміздің қазекемнің өрісте жайылып жүрген малы секілді. Біздерден онша қашық емес тұстан өте үлкен, аппақ круиз жасайтын корабльдің кетіп бара жатқанын байқадым. Менің күнделікті Каспий теңізінде көріп жүрген кемелерді үлкен деуім әбестік екен, оларды мұхитта кетіп бара жатырған, әдемілігіне қарайтын көз керек мына кемемен салыстыруға болмайды ғой. Үлкендігі құдды бір ондаған қабатты зәулім үйлері бар қала жүзіп бара жатқандай. Қайықшыларымыз(екі адам) қайықтың екі қапталын қолдарындағы

тоқпақтарымен ұрғылап дыбыс беріп киттер мен дельфиндерді шақыра бастады. Сәлден кейін айналадағы судың бетіне бір үлкен қара балықтың арқасы көрінгендей болды да, сол бойда көрінбей кетті. Бұл киттің арқасы екен. Артынан бірталай жерге ұзап барып өзін де көрсетті ол жарықтық. Бірінші арқасы көрінген жерден су бетіне осылайша түгелімен шыққанында біздің қайықты аударып тастайтыны сөзсіз еді. Ақылды екен, бізді аяған сияқты. Содан кейін тағы бірнешеуі алыстан көрінді, фонтан қылып суды атқызды да жоқ болып кетті. Содан кейін көрінбей кетті. Сендерге бұл жолы осы көрінгенім де жарайды деген сияқты. Есесіне дельфиндердің ойынына қарық болдық. Ойпырмай, тап бір телевизордан көргеніміздей бірнешеуі асыр салып, біздерді көргеніне қуанған балалардай судан секіріп, бірін-бірі қуалап бірталай шоу көрсетті. Уақыттың қалай өткенін байқамай да қалыппыз. Аралға қайтатын, кешкі ас ішетін уақыт болып қалыпты. Аралымызға қайтып келе жатырғанда өзіміз орналасқан жағалауымызды біршама зерттеп қарадым. Арал тропикалық өсімдіктерге малынып тұр екен. Биік тік жарқабақтарда үңгірлер де көрінеді, жардың жиегін бойлай салынған байлардың бірнеше қабатты коттеждері де бар, жағаны жағалай жүзген кезде байқағаным өте сәулеттілері көп екен, қарапайым халықтың жұпыны үйлерін де байқадым, бунгалолар да баршылық екен. Жағажайға жақын жерлердегі әлгідей үңгірлердің біразына бардым, ішіне кіріп қарадым. Барлығының ішіне көрінбейтіндей қылып электр жарығын жүргізіп қойған, ішіне кірсең болғаны өздігінен жанып, кейбіреулері әрегіректен жылтылдап аяқ астына көмескі сәуле шашып фантазиянды оятады, қызықтырады. Кішілері де, үлкендері де баршылық, кірер жері тарлау, арғы жағы кең болып кете береді. Аралды өзімнің әлім жеткенінше аралай жүріп байқағаным, бұл жерде бақа-шаян, құрт-құмырсқа, тышқан-жылан секілді мақұлықтар көзіме түспеді. Осы елге сапарлап шығарда мен ойлағанмын: «Қанша дегенмен тропикалық елге бара жатырмыз, джунгли болады ғой, оның ішінде неше түрлі зиянды жәндіктер қаптап жүретін болар, ағаштардан салбырап жыландар түсетін болар, маймылдары қандай екен ...»-деп. Босқа қауіптеніппін, еш уайымсыз жақсы демалдық, емделдік. Мұхиттың суы біздің Каспий теңізінің суынан ащылау болып көрінді маған. Құмарымыздан шыққанша шомылдық. Мұхиттың суын құйып қойған әдемі бассейннің неше түрі бар, шомылуыңа болады. Бірақ ит өлген жерден келгенде мұхитқа шомылмау дегенің масқара ғой. Демалатын аймағымыздың ішінде неше түрлі СПА салондар бар. Жаныңа не керектің бәрін де жасайды. Тек ақшасына. Бұл біздің турфирманың қызмет көрсету аясынан тыс қызметтер. Мен бірнеше рет толық массаж жасаттым. Тамаша, сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Денем балбырап ұйықтап кеткенімді өзім де байқамаппын.

Әйелдер жағы бұндай мүмкіншілікті қалайша құр жіберсін, денелерін, беттерін, қолдарын, аяқтарын сәндеудей сәндеп бақты. Ромидың қасындағы массажшылардың массажы да өте жоғары кәсіби деңгейде жасалады, бірақ СПА салондардағы жасалатын массаждардың түрі тіпті бөлек екен.

Біздің демалатын арнайы аймақ орынымыздан тысқары жердегі елдің тұрмысы жұпынылау екенін байқап, соларды өз көзіммен көргім келді. Негізінен тұрғылықты халқының тұрмысы жұпынылау көрінді. Көшенің бойында бір бірлеріне тығылыстыра салынған жұпыны үйлер, жолдың бойына тығылыстырып салынған шамалы саудагерлердің дүңгіршіктері(киоскалар, ларектер), тіпті екі пальма ағашының діңіне жіп керіп тауарларын соған іліп қойып, немесе жерге төселген төсеніштің үстіне жайып тастап та саудасын жасап отырған саудагерлер көп. Біздердің өмірімізде тоқсаныншы жылдарда болған көріністерді көз алдыма елестетті. Құдайға мың тәуба, біз ол кезеңдерді артта қалдырдық қой, ал мыналарда әлі де жалғасып жатыр, қанша уақыттан бері екенін кім білсін. Қасымдағы филиппиндіктен ұялдым, сұраған жоқпын. Қасымда Северина деген Манилада тұратын тілмаш филиппиндік келіншек болатын. Сапарымыз аяқталып Маниладан Пекинге ұшарымызда Маниладағы қонақүйімізге Северина күйеуімен, балаларымен(жастығына, үлкен қалада тұратынына, екеуінің де жоғары білімділіктеріне қарамастан өзіміздің ауылымыздың қазағы сияқты бірнеше ересек балалары бар) келіп, біздермен қоштасып кетті, жанұясымен таныстырды. Жоғарыда бірнеше қайталап жазғанымдай филиппиндіктер қай жағынан да қазақтарға ұқсас. Екеуі де жас бола тұра бірнеше балалы, балалары да өте тәртіпті, бауырмал, ибалы.

Демалысқа тоқтаған аралымыздың тұрғын халқының тұрмысын жазуымды жалғастырайын. Көшесінде велосипед көп, екі аяқты, үш аяқты, автобустары индияның киносынан көретініміздей төбесін ғана брезентпен жапқан, қапталдарында аласа борты бар, есіктері артқы жағында. Есік дейтіндей есік те емес, артқы борты жоқ болғасын сол жерден мініп, түседі жолаушылар. МАИ қызметкерлері жоқ па, әлде бар болса да бұндайларға көп мән бермей ме, қайдам, әйтеуір, жолаушылар ондай автобустардың кез келген жеріне жабысып, қыстырылып, денесінің көпшілік бөлігі далада болса да жүре береді. Мопед көп. Көшеде сиырлары да кетіп бара жатыр. Арық, мүйіздері тікелеу, ұзын, қарағайдай. Анандай көкмайса табиғатта жүріп қалайша арық болатынын түсінбедім. Адамдары да етжеңді емес, тарамыстанған, бір қырым артық еті жоқ, қатқан қаралар. Тұрмыстарына көңілі толмай көңілсіз жүрген, бұрқылдап ренішін білдіріп жүрген бір адамды көрмедім. Барлығы көңілді, ақжарқын, ашық халық. Жұмақтың табиғатындай жерде тұратын

халықтың мінезі де өте жайлы, өмірлеріне риза болып келетін шығар деген ой тұжырымдадым. Әйтпесе, халқының сауаттылығы жөнінен біздің елдерден қалыспайтын сияқты, халқының тоқсан пайызы сауатты екен. Менің түсінігімше сауатты болған сайын, көзі ашылған сайын адамдар өзінің тұрмыс жағдайына көңілі толмай, әр елдегі жағдайлармен салыстыра қарап елді басқарушыларға «көңілдері көншімеулері» керек сияқты еді. Бұларда мүлдем басқаша болып шықты, менің жоғарыдағы «теориям» бұл жерде іске аспай қалды. Елінің көп байлығы жоқ екенін, бар байлығы туризмнен түсетін қаржыдан құралатынын түсінетін де шығар деп те ойлады. Туризм өте жақсы дамыған, сервис керемет деңгейде. Біздермен бірге жапондықтар, америкалықтар, немістер демалып жатырғанын көріп жүрдім. Кейбіреулері біздің хилерге келіп ота да жасатып жүрді. Жапондық туристермен түскен суретім бар. Ол туристер біздерден бөлек орналасқан және олар біз сияқты топ болып келмеген тәрізді, әр адам жеке дара немесе семьясымен келгендер деп естідім.

Тағы бір қызықты айтпай кетуге болмас. Бір байқағаным, әйелдер жағы оңашаланып бірдемелерді сыбырласып, құпия түрде бір нәрсе ұйымдастырып жүргендей болды. Тілмашпен, біздің топты бастап келген турфирманың экскурсовод қыздарымен шүйіркелесулері көбейді. Ерлерге дымдарын сездірмеуге тырысады. Байқасақ олар мұхит маржанын(жемчуг)көруге баруға дайындалып жүр екен. Артынан біздер де көрдік. Маған ешқандай әдемілігі көрінбейтін сияқты. Ақ маржан, қара маржан, тағы да басқа түсті неше түрлерін, тіпті көгілдірлерін де дорбалап алып жатты әйел деген халықтың өкілдері. Маған салса балалардың мойындарына салатын кәдімгі моншағы, олардан еш айырмасын мен көре алмадым. Жергілікті халықтың ішінен маржан аулап сататындар біздердің тұрған жерімізге келіп, әйелдерді жинап өздерінің дүниелерін көрсетіп те жүрді. Мұхиттың бақалшағын тірілей күйінде ашып(қабығын екіге жарып ашып)ішінен маржанды қалай шығарғанын көрдім. Әйелдер жағы қарық болып қалды. Қанша дорбадан алғандарын кім білсін, әйтеуір қарық болғандарын мен білемін. Ол жерде арзан екен, ал біздің елде шынайы(натуральный)маржандар қымбат дейді. Елінің бюджетіне құйылатын қаржының бір саласы осы маржан сатудан түсетін пайда екен, тағы бірі ол әр елдерде жұмыс жасап жүрген азаматтарының тапқан табыстарын елінде қалған жанұясына жіберетін қаржы екен. Филиппиндіктер әлем бойынша қай салада да жұмыс жасап жүре береді, арзан жұмыс күші ретінде еш жұмыстан қашпайды, бірақ негізінен халыққа қызмет көрсету саласында көбірек. Әсіресе, байлығы шылқыған араб елдерінде ...

Осылардың барлығын көргеннен кейін Ермекке әзілдеп: «Бізге осы елден бір келін алу керек сияқты. Өзіміздің қазағымыздан аумайды, әрі-беріден кейін ешкім айыра алмайтын болады. Қыздары өте биязы, ибалы, тәртіпті, үлкеннің алдынан кесіп өтпейді, қазақтарға келін болуға сұранып тұр. Сұлулары, сымбаттылары көп. Ең бастысы құдалыққа кит бергенде біздің қазақ сияқты жағалы киім іздеп, таңдап жыртылып-айырылып шабылудың қажеті жоқ. Рахат, жақсы футболка, жеңіл шорт, аяғына сүйретпе алсаң болғаны, біз көріп жүрген тұрғындардың көпшілігі оларды да кимейді. Ал нағыз бауыздау құда мен құдағайымызға жақсы мопед, велосипед мінгізсең машина алып бергендей боламыз. Әрі құдаларымыздың ауылына келіп сабан күркеде аспандағы жұлдыздарды санап жатып кетеміз, арзан маржаны тағы бар» деймін ғой.

Айтқандай, демалыс орнындағы күтуші қыз-жігіттердің бір де біреуі сенің алдыңды кесіп өтпейді, көзіне түссең болғаны сенің өтіп кетуіңді күтіп қанша қажет болса сонша уақыт тұрады, ешқашан ренішті сезімін көрсетпейді. Қазіргі замандағы өзіміздің қазағымыздың кейбір өкілдері ұмытып бара жатырған қасиет бұл халықтың қанына табиғатымен берілген сияқты. Қызмет көрсету саласының этикетіне де байланысты болар, бірақ халқының бойындағы табиғи ибалылық, тәртіптілік басымырақ орын алатындай болып көрінді маған. Ғылыми тілмен айтқанда гендік деңгейдегі мәселе, халықтың өзіне тән менталитеті.

Қаншама рет жасалғанын санамадым, бірақ кем дегенде төрт-бес рет біздерге жағажайда, ашық аспан астында қонақасы берілді. Шоу ұйымдастырылды. Жағажайдың біраз жерінің құмын шұқырлап ойып соның түбіне шам жағып қойылған, ортаға үлкен алау жағып қояды. Қонақтары біздер және хилер мен оның командасы, Маниладан келетін тілмаштармен жағажайдағы құмға қойылған столдарға мейрамханалардағыдай отырамыз. Алдарымызда тамақтың неше түрі. Ортадағы отты айнала секіріп билеп жүрген ұлттық киімдерін киген аборигендер. Ертедегі жабайы адамдардың киген киімдері сияқты, белдеріне байлаған шөптен жасалған қысқа белдемшелер, қыздардың төстері де сондай лыпамен жабылған, беттері, аяқтары, қолдары, денелері түгелдей әлеміштеніп боялған. Аяқ-қолдарына сылдырмақтар ілінген, қолдарында найзалары, беттерінде әртүрлі аңдардың, малдардың маскалары. Туземдіктердің неше түрлі билері биленеді, тарсылдатып ұратын барабандарын соғып селкілдеп, аяқтарымен жерді ұрғылап естері кеткенше өнерлерін көрсетіп бақты. Тағы бірде өздерінің ұлттық киімдерімен ұлттық билерін биледі, әндерін шырқады. Барлығын жазып жеткізу мүмкін емес, көзіңмен көруің керек. Сондай кештердің ең

соңғысы ән-би кеші болды, Маниладан әншілер, өнер адамдары келді. Концерт ұйымдастырылды. Тамаша әншілер, гитарашылар, саксофоншылар бар екен, тыңдадық. Ұйымдастырушылар біздердің де өз халықтарымыздың өнерлерін көрсетуін сұрады. Біздер әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған топ болатынбыз. Ортамыздан ән сала білетін орыстар, украиндар, қалмақтар сахнаға шығып білген әндерін айтты. «Әшейінде ауыз жаппас, айт дегенде өлең таппастың» кері осы жерде келді, қазақтардан сахнаға шығатын адам табылмай қалды. Кейбір қазақтар орысқол, қаланың жас қазақтары, үлкендерінің өздері орыстілді шіркіндер екенін білемін ғой. Сондықтан филиппиндіктерге қазақтың ұлттық әні, соның ішінде дәстүрлі ұлттық әннің қалайша жырланатынын көрсеткім келіп делебем қозып шыға келді. Әрі бір ересек қазақсымақ(жасы менімен шамалас)орысша бірдемелерді былжырықтатқанына қараптан қарап отырып ол үшін мен ұялдым. Қасымда отырған Ермекке: «Бір әнші шығармасақ қазақ деген атымызға сын болар, сен бұларға көрсетсейші қазақтың әні қандай болатынын» дедім. Ол да мен сияқты, шала қазақтарға ренжіп отыр екен, бәлсінбестен сахнаға шықты да Жылойдың бір әнін төгілтті дейсің. Ермектің өзіне сай тым-тәуір дауысы бар, ұйымдастырушылардың сұраулары бойынша Жылойдың, Маңғыстаудың бірнеше әнін айтып берді. Филиппиндіктерге Ермектің салған қазақтың ұлттық әндері ұнаған сияқты. Өзім бұндай өнерлерден мақұрым болсам да осындай жерлерде делебем қозып шыға келетін арқам бары рас. Тарта алмасамда қолымызда домбырамыздың жоқтығына мұндай өкінбеспін. Сонымен сол жердегі еміміз де, демалысымыз да аяқталып біз елімізге қайтуға жиналды. Хилерге, командасына алғысымызды айтып сыйлықтар жасадық. Демалыс жайының күтушілеріне де ризашылығымызды білдірдік. Хилер Ромидың командасымен, өзімен хош айтысып қала бердік. Олар сол түні Манилаға кетсе, біздер ертеңіне жолға шықтық. Манилада бір түнеп ертеңіне Пекин қайдасың деп ұшақпен тартып кеттік. Турфирманың бағдарламасы бойынша Пекинде екі күннен аса болдық. Көруге тұрарлық біраз жерлерді аралатты. Әлемге әйгілі қытай қорғанында болдық, фарфор заводында да, жемчуг фабрикасында да, әйгілі қытай жібегін шығаратын фабрикада да болдық, Мао Цзэдунның мавзолейі тұрған орталық алаңда да болдық. Осы жазылған жерлердің әр қайсысы да адамдардың ауызының суын құртып, көзінің сұғын алатындай жерлер екенін жазбасам да өздеріңіз сезіп отырған боларсыздар. Ауызымызды ашып таң қалудан жалықпадық. Пекинде бола тұрып әйгілі «Пекин үйрегінен» дәм татпай кету, ерекше тәсілмен демделген қытай шайын ішпей кету ақылға сыймас еді. «Пекин үйрегін» дайындайтын мейрамханаға барып бір кешті сонда өткіздік. Қытай императорларының ең сүйікті асы деп дәріптелетін үйрегінен дәм таттық.

Бұл дәмге арналған бірнеше дәмдеуіштері(соустар) болады екен, түгел денесімен піскен үйректі ортамызға алып келіп, мейманхананың адамының өзі арнайы тәсілмен тіліп кеседі, жіліктейді, таратады. Бір үйрек қарайған адамға ас болды. Әспеттейтін ритуалдары жетерлік. Енді бірде «Чайная церемония» дегеніне де қатыстық. Қытай елінде бола тұрып осыларды көрмей кетсең, дәмін татпай кетсең, онда қытайда болдым деп айтпасаң да болады деген сөз бар дейді. Өзі де солай ғой. Бұлардың көпшілігі 5000 жыл тарихы бар деп саналатын Аспан асты елінің атын бүкіл әлемге жайған кереметтер ғой. Бұлардың көпшілігі(жібектің, фарфордың жасалу тәсілдері) қаншама ғасырлар бойы құпия түрде ұсталды десейші. Қазіргі кезде ол құпиялардың бет пердесі ашылып, барлығын да туристердің алдына жайып салып, көрсеткені үшін туристерден ақы алып қазынаға қаржы құйып отыр. Жібектің де, фарфордың да қалай жасалатынын басынан аяғына дейін түгелдей өз көзімізбен көрдік, қолымызға ұстап қарадық. Қазіргі кезде еш құпиясы жоқ. Осы көргендерімнің әрқайсысына тоқталып, нендей кереметтерді көргендерімді тәптіштеп жазбаймын. Бару керек, көру керек, дәмін сезініп тату керек. Жазбайтынымның тағы бір себебі, бұл әңгіме тек Филиппин еліне жасалған сапарға арналғандықтан да. Ал қытай елі жөнінде жазатындарым кейінірек бола жатады. Қытай еліне жасаған сапарымды жазатын болармын деп үміттенемін. Және осы екі елде бола жүріп, өзіміздің елмен салыстыра отырып түйіндейтін ойларым да жазылады. Әзірге осы да жарар.

P.S. Елімізге аман-есен ұзақ жолдан келгеннен кейін, біздердің ертегіге ұқсас әңгімелерімізді ауыздарын ашып тыңдаған, түскен суреттерімізді көрген, видеоларымызды қараған балаларымыздың сондай елдерге біздер де қашан сапарлар екенбіз деген қиялдарын да естідік. Менің ол ел жөнінде көкейімде көптеген сұрақтардың қалғанын естіген ұлым бір күні өзімен бірге ұжымдас, жоғары дәрежелі мұнайшы маманның ұлты филиппиндік екенін, ол адамның қазіргі кезде Норвегияда іс сапарда жүргенін, жуық маңда біздің елге де соғатынын хабарлады. Жұмыс уақыты тығыз болмаса үйге алып келіп әңгімелестіремін, сол адамнан көкейімде қалған барлық сұрақтарыңа жауап алуына болады деген ойын да айтты. Біз қуана келістік. Филиппин елінде жүргенімде менің көкірегімде көптеген айтылмаған сұрақтар, шіркін білсем ғой деген ойлар қалған еді. Сол жерде сұрауыма, біліп алуыма сырқатыма байланысты тілімнің кемістігі кесірін тигізген болатын, әйтпесе Северина сияқты тамаша тілмаш өз көмегін ешқашан аяған емес. Сол олқылықтың орнын ұлымның мына жаңалығы толтыратын болды деп қуанып қалдым. Ол адам келді, қонақ болды. Қазақтың дастарханынан дәм татты, майлы қызыл

куырдақты, жылқының етінен дайындалған бесбармақты мақтады, әсіресе оған қазақтың бауырсағы ұнап қалды. Оның қасына ере келген америкалық поляк ұлтының өкілі вегетерианец болып шықты, бірақ оған да қарын тойдыратын бірдеңелер табылды. Жоғарыда келтірген көптеген мәліметтерді сол филиппиндіктің аузынан естідім. Елінің көпшілік бөлігі ағылшын тілінде еркін сөйлейді, елі қостілді ел екен, бұл да болса біздің елдегі қостілділіктің сыңары ғой. Ағылшын, пилиппин тілдері қатар жүреді деді. Негізінде осылайша «Пилиппин» деп жазылуы керек екен. Елін мақтағанды қай ұлттың өкілі жек көрсін, бірақ ол өз елінің табиғаты тап біз барған кездегідей үнемі тамаша болып тұрмайтынын да айтты. Біз барған кез «мақпал маусым»(бархатный сезон) болып есептеледі екен, ал көктем басталысымен күзге дейін муссондық тропикалық жауыннан көз ашылмайды, ол аз болса арасында цунами деген бәлекет көптеген аралдардың жағалауларын түгелдей жайпап, шайып кететін көрінеді, ел экономикасына орасан зор шығындар әкеледі дейді. Мен ішімнен: «Бәсе, алмақтың да салмағы бар деген, осындай бір кілтипаны болмаса қалай болғаны, үнемі мамыражай өмір қалай бола қалды деп ойлап едім» деп бір қойдым. Ол адам муссондық жаңбырды, цунамиды айтып отырғанда менің ойыма өз еліміздегі жағдайлар түсіп отырды. Жарты жыл бойы жауатын жаңбыр, мұхиттан соғатын өте қуатты цунами тұрмақ біздің елде көктемде болатын сәл жаңбырдан да бірталай зардап шегіп жатамыз ғой. Әрине, бұл жерде адами фактор да үлкен маңызға ие, біздің елдің көріп жүрген маусымдық зардаптары осы адами факторға тікелей қатысты екеніне дау жоқ. Жыл сайын «Наступают на одни и те же грабли». Осыларды салыстыра келе ойласам Филиппин елінің табиғатын бізге бермегеніне де шүкір дегім келеді. Бір жағынан қызығасың, екінші жағынан шошынасың, қорқасың. Жыл сайын Австралия елінде болатын әлемет өрт, Жапон елін сілкіп алатын жер асты дүмпулері, цунамилер, Филиппин еліндегі толассыз жарты жыл бойы жауатын жаңбырлар, аралдарын тегістеп шайып кететін цунамилер ... «Ей, Жаратушы Ием, осы бергеніңе де шүкір! Басқа елдің асылынан гөрі өз еліміздің шанды дауылы да жарайды бізге. Қазағымның кең пейілді дархан көңіліне, ниетіне, жайбарақаттығына сай табиғат сыйлағаныңа» деп ойлаймын. Әлі есімде, сексенінші жылдардың аяқ жағында Ералиев поселкесінде тұрғанымызда Каспий теңізінің деңгейі көтеріле бастаған, теңіз жағасына тақау салынған Приморская деген ауылдың іргесіне теңіз соғып жатқанын көріп қорықтық. Біздің үйіміз де теңізге жақын жерде болатын. Жағалаудан біраз қашықтықтағы, жаз кезінде теңіздің суын белуардан кешіп барып демалып жататын аралымызды да су басып кеткен еді. Маңғыстаудың ойынан шығатын жалғыз теміржол байланысының оныншы бекетінің тұсында

теңіздің суы теміржолға әбден тақалып қалып, теміржолды су шайып кету қаупі туындағаны да белгілі. Жылдар өте теңіз тартылып, бәрі орнына келген болатын. Қорқынышымыз, сол кездегі қауіптенгендеріміздің барлығы да бір күндей болмай ұмытылды ғой. Біртіндеп көтеріліп, айлар бойы мысқалдап жылжып жақындаған теңіздің суынан қаншама қорықтық десеңші. Ал жер шарының орасан зор аймағын алып жатырған адуынды мұхиттың бір мезгілде аяқ астынан көтерілетін алып толқындары, цунамиі қашан соғар екен деп күтіп отыратын ол елдің халқының орнына өз халқымды қойып салыстыруға жүрегім дауаламайды. Ал толассыз жауатын жаңбырдың жайына келсек, бәріміз білетіндей біздің Маңғыстауда жаңбыр өте сирек жауады ғой. Сондай сирек жауындардың кезінде, ұзақтығы бірер сағатқа қана созылған, Маңғыстаудың биік емес тауларынан аққан жаңбырдың қарғын суы асфальт жолдарды, теміржолдарды шайып кетіп, поездар, автомашиналар тоқтап, оларды ретке келтіруге көп қаржы жұмсап қаншама азап шегіп жатамыз. Жолда келе жатырған машиналар жаңбыр шайып кеткен жолдың жырасына түсіп кетіп адам шығындары да болып жататынын мен білемін. Тіпті қарғынға ағып кетіп қаншама бала, адам, мал өлді. Бұндай жағдайлар бір жыл, екі жыл емес, ұмытқыза беріп үнемі қайталанып тұратынын көзімізбен көріп, құлағымызбен естіп жүрміз. Бұндай бассыздыққа күлерсің бе, жыларсың ба?! Жарты жылдап емес, айлап та емес, апталап та емес, бірер күн толассыз жауын жауса не болар едік? Шашылып қалатын шығармыз. Басқа өңірлерде де жыл сайын көктем кезінде көптеген елдімекендерді су шайып кетіп жатыр емес пе?! Филиппиннің муссондық жаңбыры өзімен кетсін. Тәуба деуіміз керек. Ол елдерге тек қыдыру үшін барып келсек те жетер. Жарық дүниеге келіп, көзіңді тырнап ашқалы көріп келе жатырған, үйреншікті туған табиғатқа жететін не бар?!

Есіме Пекиннен Манилаға алғаш барғанымыз түсіп отыр. Сапарымның мәліметі толық болуы үшін, кейбір алғашқы көргендерім жөнінде жазып қарайын. Пекиннен Манилаға дейін ұзақ ұштық. Манилаға келгенімізде кеш түсіп кеткен. Жолдан шаршағанымыз бар, қысқы сырт киімдерді қолға алып алғанымызбен, одан басқа да денеміздегі киімдер еңсемізді езіп, онсыз да ылғалды ауада мазамызды кетірген сияқты. Бес жұлдызды әлемдік аты бар «Шератон» мейманханасына келдік. Өте кең холлда құжаттарымызды реттеп, жататын жерлерімізді анықтағанша кресло, дивандарға жайғасып отырдық. Холл қоңыр салқын екен. Көшеге қараған жары түгелдей қалың әйнек, сенсорлы есіктер. Менің отырған креслом сол әйнек жарға жақын болып шықты да мен көшеден кімдер кіріп, қандай машиналармен келіп жатырғанын көре алатын болдым. Шаршағанымды әуестік жеңді, бәрін

бақылап отырмын. Құжаттарды реттеу ұзаққа созылды. Осы кеште бұл мейманхананың мейрамханасында бір той болып жатқанға ұқсады. Әдемі машиналармен бірінен кейін бірі қонақтар келе бастады. Мейманхананың тұрғындары емес тойға келіп жатырған жергілікті қалалық игі жақсылар, қонақтар екенін байқау қиын емес қой. Есіктің алдында мейманхананың әдемі униформасын киген жас жігіттер келген қонақтарды машиналарының есіктерін ашып күтіп алып, кірер есікке дейін ұзатып салып тұрды. Өздері айдап келген қонақтардың машиналарын сол жігіттердің біреуі айдап алып кетіп жатты. Қонақтар өте бай адамдар сияқты. Жүрістері маңғаз, асықпай қозғалып шекелерінен қарайды. Холлға кіргеннен кейін оларды зерделеп қарай бастадым. Қастарына ерген әйелдері үлде мен бүлдеге оранған. Қонақтардың көпшілігі орта жастан асқан адамдар. Әйелдерінің киімдерін суреттей алмаймын, маған оңайырағы еркектерінің киімдерін жазу. Барлық еркектер бірдейге жақын киінген. Денесінде ұзын жең өте жұқа жібек сияқты матадан тігілген көйлек. Көйлектің етегі шалбардың сыртына жіберілген. Бір қызығы барлық еркектер сол жұқа көйлектің ішінен шолақ жең футболка киеді екен. Өте жұқа ақшыл түсті жібек матадан ол футболка көрініп тұр. Көйлектерінің маталарының көзге көрінер көрінбес өрнектері бар, тігілу фасондары бірдей десе де болады. Тек өрнектерінде ғана өзгешелік бар деп жобаладым. Еркектерінің саусақтарында үлкен жүзіктер бар. Холл әдейі қаракөлеңкелеу жарықтандырылған, қонақтар қолдарын қозғаған сайын жүзіктерінің көздері шамдардың сәулесіне шағылысып сәуле шашады. Кейбіреуінде бір саусақта болса, кейбіреулерінде екі қолындағы саусақтарында да бар. Шалбарлары мен туфлилері біздердікіндей сияқты, тек көйлектері мен ішіндегі футболкалары ғана өзгешелік танытып тұр. Неге шолақ жең футболканы көйлектің ішінен киетінін түсінбедім, әсіресе барлығы бірдей осылайша неге киінеді деген ой келді маған. Міне осы жағдай менің көңілімді бірден өзіне аударып еді, сондықтан да олардың киімдеріне зер салып қараған едім. Әйтпесе, өзіміз күнде көріп жүрген адамдар сияқты киінсе, қаншама керемет киінсе де, мен көңіл қоймас едім ғой. Костюм де, пиджак та кимейді, галстук те тақпайды. Көйлектерінің ілгектері жағасынан етегіне дейін. Кейбір еркек қонақтардың қолдарында трость бар. Бас киімсіз. Қап-қара шаштары майланып, жылмитып кейін қарай қайырылып таралған. Әдемі көзәйнектері бар қонақтар да бар. Бірақ барлығы бірдей өздерін аристократша ұстайды, ақсүйек екендері көзге ұрып көрініп тұр. Өмірімде бірінші рет ақсүйектерді тірілей көруім. Оның ішінде Азия елінің ақсүйектерін. Өздерін ұстаулары мүлдем ерекше. Паң ба, сырбаз ба, такаппар ма, білмеймін. Мен отырған «бақылау бекетімен» онша алыс емес жерден өтіп жатты. Мейрамханаға шығар деп ойлаймын, мүмкін түнгі клубқа

шығар, мүмкін өздерінің бас қосатын «ақсүйектер клубы» бар шығар ... білмедім?! Мүмкін, барлығы бірдей болып киінген шығыс елінің атақты мафиясы, якудзалар шығар ... ?! Әй, мен де айтамын-ау!!! Осындай ақсүйектердің қасындағы бәйбішелерінің мүсіндерінің, әлпеттерінің, киімдерінің(ұлттық сәнмен тігілген ылғи ұзын көйлек киген екен, етектері жерге жетеді, белдерін қынай буған) сұлулығын, сымбаттылығын мен жазғым келмейді. Көруге көз керек. «Жарқ-жүрк» еткен байпатшалардың өмірі. Біздің елде де байлар қалыптасып келе жатыр ғой, бірақ байлардың барлығы ақсүйек бола алмайды, ертеде «бай бір жұттық» десе, қазір «бай бір банкроттық» болып тұр ғой. Бай болу бір басқа, ғасырлар бойы қалыптасатын ақсүйектік тіпті басқа. Шын ақсүйектік қалыптасу үшін қаншама уақыт керек, қаншама буын ауысуы керек екенін кім білсін?! Генеаналогиялық ерекшеліктер де ескерілуі қажет болар, қанның тазалығы қажет болар, тегінде болатын тектілік те керек шығар? Біздердің өз ұлтымыздың тамырын тереңнен алатын, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатырған шын мәніндегі текті ақсүйектерінің тұқымын большевиктер тұздай құртты ғой. Соңына «май шам» алып түсіп құртты. Бәрі бірдей құрымады, өзім білетін бірнешеуі әлі де бар сияқты. Ақсүйектер деген ерекше ұғым, олар қазіргі түсінік бойынша байлар да, жоғары лауазымды қызметкер-шенеунік те, білімді ғалым да, жоғары білімді зиялы қауым болып есептеліп жүрген интеллигенция өкілі де, тоқсаныншы жылдары аласапыран мезгілде тез байып шыға келіп өздерін элитамыз деп жүргендер де емес. Ақсүйектер дегеніміз ерекше тап өкілдері, орыстардың айтатынындай «белая кость, голубая кровь», немістер айтатындай(тек немістер емес, ғылымда сондай түсінік бар) арийлік тап сияқты. Бұл мәселе жөнінде кітаптардан оқығандарым жетерлік, бірақ осы жерде ол жайында ежіктеп жазғым келмейді. Филиппиндік ақсүйектердің аристократтық манерлерін көргенде ойыма келгендерді жазғаным ғой.

Құжаттарымыз дайын болғаннан кейін біздер он бесінші қабаттағы жеке нөмірлерге орналастық. Жуынып, шайынып, жеңіл киімдерімізді киіп бірінші қабаттағы мейрамханаға тамақтануға түстік. Мен осы жолы да, артынан Себуде демалған кезде де қандай тамақтар ішкенімізді жазбаймын. Себебі, мен келістіріп жаза алмайтындықтан бәрін бүлдіруім мүмкін. Өмірі көрмеген жемістер мен аузыңның суын ағызатын тағамдар, тіпті атаулары да есімде қалмапты. Сондықтан білмейтін нәрсеге тұмсығымды сұққым келмейді. Тамақтанғаннан кейін бөлмемізге келіп, балконға шығып айналама көз салдым. Көкпен таласқан әдемі үйлер жетеді. Заманауи әдемі қала. Көшелері, онымен ағылған машиналары ... Жарқылдаған неон шамдарымен


безендірілген ғимараттар. Несін айтасың?! Таңда тұрып алып тағы балконнан қалаға көз салдым. Керемет қала!!! Қалай дегенмен де жүз миллионнан асатын халқы бар елдің астанасы ғой.

Филиппиндіктердің киім киюлері жөніндегі өзім байқаған тағы бір ерекшелігін жазайын. Манилада да, Себуде де қалалықтар денелеріне көйлек, бұттарына шалбар(көбіне джинсы) киеді де, ал аяқтарына күннің ыстығына карамастан қалың табанды қара ботинка киеді екен. Екі қалада да көшедегі еркек атаулының барлығының аяқтарына киетіндері осындай ботинка. Жеңіл сүйретпе(босоножка, сандалий), немесе жеңіл, жұқа табанды туфли кимейді. Мүмкін киетін де болар, бірақ мен көрмедім, ал көргендерімнің барлығы осындай аяқкиім кигендер. Таң қалдым. Біздің демалған жеріміздегі жағдай басқаша ғой, ол жағажай ғой. Ал мынау қала. Өзімше түйген ойым: «Көшедегі асфальт аяқты қыздырмау үшін осындай қалың табанды ботинка киетін болар».

Елге келгеннен кейін біздің хикаяларымызды естіген жанұямызбен араласатын адамдардың екеуінің филиппиндік хилерге барып келгенін білемін. Біреуі біз барған турфирманың көмегімен барып емделіп келді. Екіншісі жеке өзі тікелей барып келді. Екінші адам қатерлі ісікпен ауыратын адам еді. Хилердің емінен шипа болды ма, әлде басқадай алған емдердің шипасы түсті ме білмеймін. Бір білетінім сол адам қазіргі кезде ортамызда кәсібін алға сүйреп шауып жүргені. Бұларды жазып отырғаным хилерді жарнамалау емес, тек болған жайды баяндау ғана. Дұрыс түсінерсіздер.

Ешқандай әсірелемей, болған жайды болған күйінде, көзіммен көріп өзім куә болған жайттарды ғана тізбектеп жазып шыққандай болдым. Кей тұстарда бірді айтып басқа жайтқа бұрылып кеткен тұстарым да болды. Ол үшін айып етпессіздер. Кәсіби жазушы, әккі болған саяхатшы болмағандықтан да осылай болып шықты.


Саяхат сәттерінен



Хилер Роми және мен.



Ромидың келіншегі (Мисс Филиппин)-ассистенті, Ермек, хилер Роми және мен.



Себу аралындағы демалған жеріміздің жалпы көрінісі, мұхиттың жағалауы. Бунгалонның ішкі көрінісі. Бассейн.



Ашық мұхитқа киттерді, дельфиндерді қызықтауға шыққанда.



Ермек екеуіміз орналасқан бунгалодан мұхиттың көрінісі..



Ашық мұхитқа киттер мен дельфиндерді тамашалауға шыққанымызда.



Мейрамхананың алдыңғы жағындағы террасадан мұхиттың көрінісі.



Жағажайдағы қонақасыда филиппиндіктердің ұлттық билерінен көрініс.



Жағажайда қонақасы берген кездегі кейбір сәттер.



Бір замандарда Тынық мұхитқа шомыламыз деп кім ойлаған. Суы өте ащы екен.



Әлемге әйгілі қытай қорғанында. Бейжің қаласы.



Қытай қамалында қытайлардың ұлттық киімдерімен және өз киімдерімізбен.




Бейжіңдегі фарфор фабрикасында.



Фарфор фабрикасында.



Фарфор фабрикасында.



Қытай қорғанының бір көрінісі. Жалпы ұзындығы 6 000 шақырымнан асады, космостан көрінеді. Бұл реставрация жасалған, туристерге көрсететін жерлері, көпшілік жерлері шөгіп кеткен дейді. Жүздеген миллиондаған құлдардың сүйектерінің үстіне салынған дүние ғой.







Бисенғалиев Бисенбай. Ақтау қаласы. Наурыз. 2015 ж.